

2014 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 28 сәуірдегі N 128 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 мамырда N 2809 болып тіркелді

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабы 4 тармағы 8-1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімінің орынбасары А.Ж. Тайшабаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Тасмағанбетов

Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы аудан
әкімдігінің 2014 жылғы 28 сәуірдегі № 128
қаулысымен бекітілген

2014 жылға Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар ата-аналарының бір айдағы ақы төлеу мөлшері (теңге)	Бір тәрбиеленушіге кететін бір айдағы орташа шығын (теңге) құны

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің «Айгөлек балабақшасы » коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	100	23000	6500	23000
Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мектепке дейінгі шағын орталықтар	380	5950	5000	5950
Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мектепке дейінгі шағын орталықтар	966	9032	5000	9032

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК